

2022 оқу жылына арналған мектеп-гимназия бойынша қамқоршылық кеңес отырысының

Хаттамасы №4

Өткізілген күні: 2022 жыл, 29 қараша

Барлық кеңес мүшелері: 9

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 2

Күн тәртібінде

- 1.Қамқоршылық кеңестің 3 жылдық жүргізілген жұмыстарының есебін тыңдау. Хабарламашы Д.Шалмуканов- Қамқоршылық кеңес төрағасы
- 2.Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамына ұсыныс беру жұмыстарын ұйымдастыру.Хабарламашы Д.Шалмуканов- Қамқоршылық кеңес төрағасы
- 3.«Мектептегі өзгерістерді басқарудың заманауи жағдайларында әлеуметтік әріптестік ролі» тақырыбында семинар ұйымдастыру. Хабарламашы Т.Хамитова- №35 Х.Ерғалиев атындағы мектеп-гимназия директоры.

Тыңдалды

Қамқоршылық кеңес төрағасы Шалмуканов Дархан сөз алып, күн тәртібіндегі мәселелерді таныстырды.

1.2019-2020 оқу жылында ата-аналар комитетімен келісілген түрде Қамқоршылық кеңес құрылды. Мен төрағасы ретінде 2020-2022 жыл аралығындағы Қамқоршылық кеңесінің 3 жылдық есебін қорытындылайтын болсам, ең бірінші жылында жоғалған «Демеу» қоғамдық қорының жарғысы, «Демеу» қоғамдық қорының құрылтайшылық келісім шарты, мөрін кері қалыпқа келтіріп, жаңа құрамды заңды тұлға ретінде тіркеу басталды. Қамқоршылық кеңес құрылған уақытта 2020 жылы елімізде жаппай карантиндік режимге тұспа-тұс келді. Соған байланысты мектебіміздегі №64 қаулы бойынша төмендегі санатқа жататын отбасылар:

- 1) мемлекеттік атаулы көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар;
- 2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар;
- 3) жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға;
- 4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;

5)білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілер;

Осы топқа жататын білім алушыларды мектеп әкімшілігімен ақылдаса отырып, онлайн режимінде оқу үшін интернеттік роутерлер, компьютерлер, ноутбуктер, планшеттер, моноблоктар таратылған кезде де қамқоршылық кеңесі етене араласып отырды. Одан кейін білім алушыларды тамақтандыру мәселесі бойынша үйлерге құрғақ тамақтарды таратуда бірге іске асырылды. Мектепте өткізілген онлайн шараларға, ата-аналар комитетінің әр айда өтетін жиналысына, жалпы ата-аналар жиналысына да қамқоршылық кеңесі қатысып отырды. Сонымен қатар жыл сайын өткізілетін «Мектепке жол» акциялар кезінде де 64 қаулы бойынша бес санатқа жататын білім алушыларға көмектер көрсетіліп отырды және де мектептің материалдық- техникалық базасының нығаюына қамқоршылық кеңесінің көмегі болды. 2021 жылы қыркүйек айында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, бұл акцияда демеуші болып ұстаздар және ата – аналар белсенді ат салысты. Осы акцияда білім алушылар арасынан ата – аналар комитетімен бірлесе отырып тізім жасақтадық. Көмек алушылардың ішінде қамқоршылықтағы оқушылар: Уалиханұлы Рамазан мен Максотов Абдрахман, көп балалы отбасылардан шыққан Сабыр Нұрлан және Бақтығали Назар және атаулы көмек алатын Файзуллақызы Әмина мен Файзулла Дамир бар.Осы жылы демеушілерден жиналған 60000 қаражатқа осы мектепте толық емес отбасынан шыққан білім алушы Шалимова Әминаға қысқы етік, күртеше және оқу құралдары алынған болатын. Мектепте 2022 жылдың қаңтар, ақпан айларында «Мейірім толы жүрекпен» атты қамқоршылық акциясы өтіп, бұл акцияда демеушілердің көмегімен көмекті қажет ететін және денсаулығында ақауы бар үйден оқитын оқушыларға қысқы киімдер, қысқы етіктер және спорттық киімдер берілді.

Биылда қыркүйек айында «Мектепке жол» акциясына демеушілер тартылды. Бұл акцияда демеушілер көмекті қажет ететін оқушыларға оқу құралдарын, мектеп формалары мен спорттық киімдерді алып берді.

Оқу жылының басында сабақ кестесінің бекітілуіне қадағалау жүргізіп, сонымен қатар мектепте ыстық тамақтың берілу нормалары мен калориясына сәйкес мәзірді құруды бақылау, күнделікті ас мәзірінің талапқа сай дайындалуын, оқушыларға берілуін қадағалау, ас блогының жай-күйін кешенді тексеру, асхана қызметкерлері өздеріне арналған формамен жүруін, өнімдерді сақтау ережесі, асханадағы ыдыстардың дұрыс жуылуын, сынған, жарылған ыдыстардың қолданылмауын тексеріп, әр оқу тоқсанында бракераж комиссия мүшелері отырысына қатысып отырдым. Мектепте болып жатқан әр түрлі талқылаулар, ата-ана, оқушылардың тарапынан болып жатқан келеңсіз жайттардың алдын алу мақсатында үнемі мектеппен тығыз қарым-қатынаста болдық. Сонымен қатар мектеп әкімшілігі әлеуметтік серіктес туралы немесе мектептің даму жоспарындағы өзгерістер туралы біздермен үнемі жиналыс сайын қарым-қатынас жасап отырды. Осы 3 жылдың ішінде біздер мектеп әкімшілігімен біраз жұмыстарға қол жеткіздік деп есептеймін.

2.Мен 3 жыл қамқоршылық кеңесі төрағасы қызметін атқардым, қазіргі таңда жұмыста іссапарда көп жүретіндіктен кей уақыттарда шараларға қатыса алмай

жататын кездер болады, сондықтан биылғы 3 жылды аяқтағым келеді, мен қамқоршылық кеңес мүшесі болуға қарсылығым жоқ. Бірақ келесі 3 жылға 2023-2026 оқу жылына менің өтінішім, ата-аналар комитетімен ақылдаса отырып басқа төраға сайлауға рұқсат етсеңіздер, осылай жұмысын аяқтайтынын айтып сөзін түйіндеді.

Мектеп-гимназия директоры Хамитова Тамара сөз алып, 3 жылда атқарылған жұмыстарға қанағаттанарлық деп баға беріп, қамқоршылық кеңестің керек екендігін, өзіндік орны бар, серіктес ретінде және әлеуметтік кәсіби әріптес ретінде үнемі байланыста болғандығын айта келе өз ризашылығын білдірді.

Содан кейін қамқоршылық кеңес мүшесі Лиза Тилеккабыловна сөз алып, қамқоршылық кеңес төрағасы Дархан Куатұлына ризашылығын білдіріп, расында да кейбір шараларға келе алмайтындығын, келесі қамқоршылық кеңес төрағасына артылар жүктің үлкен екендігін, сенімі мол екендігін атап өтті.

3.Кезекті мәселе бойынша мектеп-гимназия директоры Тамара Хамитова сөз алып, білім берудегі әлеуметтік әріптестік - бұл білім беру мекемелерінің білім беруді қолдау және дамыту мақсатында мемлекеттік және жергілікті органдармен, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-әрекеті. Ынтымақтастық пен әріптестік барлық мүдделі тараптардың белгілі бір міндеттерін шешуге бағытталған және мемлекет пен қоғамның күш жұмсауын талап ететінін айтты.

Білім берудегі әлеуметтік әріптестік- бұл:

- осы кәсіби қоғамдастықтың әлеуметтік топтарының арасындағы білім беру жүйесіндегі серіктестік;
- қоғамдық іске асыратын басқа салаларының өкілдерімен байланыс жасай отырып, білім беру жүйесінің қызметкерлері кіретін серіктестік;
- азаматтық қоғамның қалыптасуына үлес қосатын әлеуметтік өмірдің ерекше саласы ретінде білім беру жүйесіне бастама болатын әріптестік екендігін атап айтты.

Тәжірибеде білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестіктің мынадай ұжымдық – үйлестіруші нысандары басымды түрде әзірленіп, іске асырылады:

- заңды тұлғаның мәртебесі жоқ және білім беру ұйымының Жарғысы негізінде әрекет ететін Қамқоршылық кеңес;
- коммерциялық емес әріптестік, қор түрінде – дербес заңды тұлға ретінде Қамқоршылық кеңес;
- білім беру ұйымы әріптестерінің кеңесі;
- білім беру ұйымының базасындағы әлеуметтік әріптестіктің ресурстық орталығы;
- бірлескен тәрбие бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруды басқаратын аумақтық ведомствоаралық үйлестіру кеңесі.

Білім беру саласындағы әлеуметтік және кәсіби әріптестіктің теориясы мен тәжірибесінде, атап айтқанда, мектептегі білім беру саласында мектеп

пен түрлі ұйымдардың арасындағы желілік әлеуметтік әріптестік пен ынтымақтастықтың әртүрлі нысандары мен әдістері тиімді қолданылады. Осы өзара байланысты зерттеу және талдау үшін желілік қауымдастықтарды талдау кеңінен қолданылатынып атап айтып, сөзін түйіндеді.

Қаулы:

1. 3 жылдық жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. 2023-2026 жылдар аралығына қайтадан 3 жылға қамқоршылық кеңесі құрамы сайлансын, мүшелері анықталсын.
3. Қамқоршылық кеңес пен мектеп арасындағы тығыз қарым-қатынас орнасын.

Төраға:

Хатшы:



Шалмуканов Дархан Куатович

Муханова Даурия Тулеуовна

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Шалмуканов Дархан Куатович _____




2. Жахияев Канат Салешович _____



3. Өмірзахова Сәулеш Асылбекқызы _____



4. Куанышев Нұрберген Куанышұлы _____



5. Бакитова Лиза Тилеккабыловна _____



6. Скендерова Айжан Мусахановна _____



7. Дюсенова Кумис Шалхаровна _____

